

Бір жолғы талондар құнының және кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін тіркелген салық ставкалары мөлшерлеріне бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Щучье аудандық мәслихатының 2009 жылғы 30 қаңтардағы № С-11/2 шешімі. Ақмола облысы Щучье ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 наурызда № 1-19-148 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 2 шілдедегі № 5С-17/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 02.07.2013 № 5С-17/4 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV «Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 420, 421, 422 баптарына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін қолданысқа енгізу туралы» Заңының 36 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес Щучье аудандық мәслихат **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. Щучье ауданының базарларында сату бойынша (базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда) бір жолғы талондардың құны осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Щучье ауданы бойынша эпизодтық түрдегі қызмет көрсететін жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондар құны осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Щучье ауданы бойынша кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін тіркелген салық ставкалары осы шешімнің 3 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Щучье аудандық мәслихаттың: 2007 жылғы 22 қазандағы № С-3/4 «Бір жолғы талондар құнының және кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін тіркелген жиынтық салық ставкалары мөлшерлерін бекіту туралы» (Аймақтық Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген 1-19-122, 2007 жылғы 23 қазан, аудандық «Бурабай» газетінің 2007 жылғы 15 қазандағы № 51, аудандық «Луч» газетінің 2007 жылғы 15 қарашадағы № 92 сандарында жарияланған) және 2008 жылғы 3 шілдедегі № С-7/4 «Щучье

аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 22 қазандағы № С-3/4 «Бір жолғы талондар құнының және кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін тіркелген жиынтық салық ставкалары мөлшерлерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (Аймақтық Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген 1-19-135, 2008 жылғы 18 тамыз, аудандық «Бурабай» газетінің 2008 жылғы 4 қыркүйектегі № 39, аудандық «Луч» газетінің 2008 жылғы 4 қыркүйектегі № 71 сандарында жарияланған) шешімдері өз күшін ж о й д ы д е п т а н ы л с ы н .

5. Осы шешім Ақмола облысының Щучье аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң
Х І (к е з е к т е н т ы с)

сессиясының төрағасы П.Проскурин

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң

хатшысы Г.Марченко

«КЕЛІСІЛДІ»

Щ у ч ь е а у д а н ы ң ы ң

әкімі В.Балахонцев

Щ у ч ь е а у д а н ы б о й ы ң ш а

төрағасы Е.С.Әбдуалиев

Щ у ч ь е а у д а н ы ң ы ң

жоспарлау бөлімінің бастығы Г.Тінәлинова

Қаржы бөлімінің бастығы В.И.Корнеева

Б і р ж о л ғ ы т а л о н д а р б е р у

бөлімінің бастығы Ш.Ж.Ибраев

Щучье аудандық маслихаттың
2009 жылғы 30 қаңтардағы
№ С - 1 1 / 2 шешіміне
1 қосымша

Щучье ауданының базарларында сату бойынша (базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда) бір жолғы талондардың құны

Р/б №	Қызмет түрі (өткізу) бойынша тауарлар, жұмыстар қызмет көрсетулердің атаулары	Бір күнге арналған талон құны (тг.)

1	Ет	220
2	Балық	220
3	Сүт тағамдары	110
4	Жеміс, көкөністер	220
5	Кондитерлік бұйымдар	200
6	Азық-түлік тағамдары	170
7	Б а с А) т е р і Б) былғары және жасанды бұйымдар	к и і м д е р ; б ұ й ы м д а р 3 0 0 200
8	Тері-жүн бұйымдар	300
9	Киім	200
10	Аяқ-киім	220
11	Құрылыс материалдары	220
12	Жуу құралдары	190
13	Шаруашылық тауарлары	200
14	Шұлық бұйымдары	150
15	Парфюмериялық-галантериялық тауарлар	170
16	Балалар ойыншықтары	160
17	Қосалқы бөлшектер	270
18	Пайдалануда болған қосалқы бөлшектер	200
19	Кеңсе заттары	190
20	Электр-тұрмыстық құралдар	240
21	Көліктерден сату (көкөністер мен жемістер)	350
22	Жоғарыда аталған қызметтер түрлеріне қосылмаған халық тұтыну тауарларын көліктен сату	370
23	Жиһаз	280

Щучье аудандық маслихаттың
2009 жылғы 30 қаңтардағы
№ С - 11 / 2 шешіміне
2 қосымша

Щучье ауданы бойынша эпизодтық түрдегі қызмет көрсететін жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондар құны

Р/б №	Қызмет түрлерінің атаулары	Бір күнге арналған талон құны (тг.)
1	Өткізу (стационарлық орындарда жүзеге асырылатын қызмет түрлерінен тыс)	
	1) газет, журналдар	160
	2) тұқым, сонымен қатар егіс материалдары (тікпе көшеттер)	170
	3) бақша мен үй алды учаскесінде өсірілген гүлдер	200
	4) көмекші ауыл шаруашылығы, мал мен құс, бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдері	140

	5) үй жануарлары мен құстар	120
	6) сыпырғыштар, орман жидегі, бал, саңырауқұлақ пен балықтар	120
2	Жеке трактор иелерінің жер участкелерін өңдеу бойынша қызметтері	220
3	Үй құстары мен жануарларын бағу	100

Щучье аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 30 қаңтардағы
№ С - 11 / 2 шешіміне
3 қосымша

Щучье ауданы бойынша кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін тіркелген салық ставкалары

Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін тіркелген салық мөлшері «Республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес, салық салу бірлігіне, айына айлық есептік көрсеткішке еселі мөлшерде белгіленсін.

1. Бір адам ойнайтын, ақшалай ұтысы жоқ ойын автоматы үшін айына – 8 айлық есептік көрсеткіш.

2. Бір адамнан артық ойыншымен ойын өткізу үшін пайдаланылатын ақшалай ұтысы жоқ ойын автоматы үшін айына – 10 айлық есептік көрсеткіш.

3. Ойын жүргізуге арналған дербес компьютерлер үшін айына – 3 айлық есептік көрсеткіш.

4. Ойын жолағы үшін айына – 20 айлық есептік көрсеткіш.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Ақмола облысы Щучье ауданы мәслихатының 2009.07.29 № С-17/1 шешімімен

5. Карт үшін айына – 10 айлық есептік көрсеткіш.

6. Бильярд үстелі үшін айына – 6 айлық есептік көрсеткіш.